

**Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызметі бөлімшелері жоқ елді мекендерге өрт сөндіру бекеттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарақтандыру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 746 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 желтоқсанда № 9928 тіркелді

«Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 70-18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызметі бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрт сөндіру бекеттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарақтандыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.В. Петров) заңда белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген соң күнтізбелік он күн ішінде мерзімді басылымдарда және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары В.К. Божкоға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*М и н и с т р*

*полиция генерал-лейтенанты*

*Қ.Қасымов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і

і с т е р

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

3 0

қ а з а н д а ғ ы

№

7 4 6

б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

**Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызметі бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрт сөндіру бекеттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарақтандыру қағидалары**

1. Осы Қағидалар жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызметі бөлімшелері жоқ елді мекендерде (бұдан әрі - қорғалмаған елді мекендер) өрт сөндіру бекеттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарақтандыру тәртібін айқындайды.

2. Жергілікті атқарушы органдар өрт сөндіру бекеттерін қорғалмаған елді мекендерде кезекші ауысымға, өрт сөндіру автомобиліне арналған, телефон байланысымен, электр энергиясымен, жылумен және сумен қамтамасыз етілген үй-жайлары бар ғимараттарда құрады.

3. Тиісті әкімшілік аумақтарда өрт сөндіру бекеттерін құру, олардың қызметін ұйымдастыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету әкімнің шешімі бойынша тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады.

4. Өрт сөндіру бекеттері осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес өрт-техникалық жабдық пен жарақтың ең аз санымен жасақталған өрт сөндіру автомобилімен немесе өрт сөндіруге бейімделген жылжымалы техникамен жарақталады.

5. Өрт сөндіру автомобилі жанар-жағармай материалдарымен және өрт сөндіргіш заттармен қамтамасыз етіледі, олардың қорын жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша өрт сөндіру бекетінің басшысы айқындайды.

6. Өрт сөндіру бекеттерінің жұмыс істеуі үшін ерікті өрт сөндірушілер, сондай-ақ еңбек заңнамасына сәйкес басқа да адамдар тартылады.

Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызметі бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрт сөндіру бекеттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарақтандыру қағидаларына қосымша

## **Өрт сөндіру автомобиліне өрт-техникалық жабдық пен жарақтың ең аз тізбесі**

№ р/с	Жабдық пен жарақтың атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1	Сорғыш түтік, ұзындығы 4 м, диаметрі 125 мм	дана	2
2	Сорғыш түтік, ұзындығы 4 м, диаметрі 75 мм	дана	2
3	Тегеурінді түтік, гидранттан жұмыс істеу үшін латексті, ұзындығы 4-5 м, диаметрі 77 мм	дана	2
4	Тегеурінді түтік, латексті, ұзындығы 20 м, диаметрі 66 мм	дана	10
5	Тегеурінді түтік, латексті, ұзындығы 20 м, диаметрі 51 мм	дана	6

6	Тегеурінді түтік үшін СВ-125 торы, ұзындығы 12 м жібімен	дана	1
7	РТ-70 (РТ-80) 3-тармақты тарамдалу	дана	2
8	СВ-125 қақпашалары бар түтікті су жинағыш	дана	1
9	Өрт бағаны	дана	1
10	РСК-50 оқпаны	дана	4
11	Лафетті жылжымалы оқпан	дана	1
12	Орташа еселікті көбік генераторы ГПС-600	дана	2
13	Көлденең ара	дана	1
14	Таяқ-саты	дана	1
15	Ұзындығы 2,5 м металл бағор	дана	1
16	Сүймен	дана	1
17	Ағаш ұстасының балтасы	дана	1
18	Жеңіл өрт ілмегі	дана	1
19	Сүйір күрек	дана	1
20	Ағаш қораптағы ағаш кесетін қол ара	дана	1
21	Электр желілерін кесуге арналған аспаптар жиынтығы, оның ішінде:		
	диэлектрлік тұтқасы бар қайшы	дана	1
	диэлектрлік қолғап	жұп	1
	диэлектрлік боты	жұп	1
	диэлектрлік кілемше	дана	1
22	Электрлік топтық фонарь	дана	1
23	Автомобильге техникалық қызмет көрсетуге арналған аспаптар жиынтығы	жиынтық	1
24	Автомобильдік радиостанция	дана	1
25	Сигналдық-дауыс зорайтқыш құрылғысы	дана	1
26	Өрт сөндіру автомобиліндегі бөлімшенің құрамына кіретін бір жұмысшыға арналған жеке жарақ, оның ішінде:		
	өрт сөндірушінің жауынгерлік киімі	жиынтық	1
	өрт сөндірушінің етігі	жұп	1
	өрт сөндіру каскасы	дана	1
	өрт сөндіру құтқару белбеуі	дана	1
	өрт сөндіру қарабині	дана	1
	өрт сөндіру балтасы	дана	1
өрт сөндіру балтасының кобурасы	дана	1	